ЖАҢА ЖИНАҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Жуырда С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада аймағымызға кеңінен танымал сазгер Қайырбек Сәтиевтің «Әнім әнге жалғассын...» атты ән жинағының тұсаукесер рәсімі болды.

Шараға сазгердің жақын - туыстары, өнердегі достары және облыстың бетке ұстар белгілі әншілері, сазгерлері мен ақындары қатысып, жиналған қауымға өнер иесінің өзгеге үлгі боларлықтай жақсы қасиеттері, шығармашылығы жайында әңгімелеп берді. Сондай-ақ олар жаңа жинақтың кейінгі ұрпақ үшін таптырмас құрал екенін айтып, болашақта жерлес ақындарымыздың өлең-жырларын ел арасында насихаттау үшін осындай кітапшаларды көптеп жарыққа шығару керектігін сөз етті.

Жинаққа сазгердің 60 әні енген. Олардың арасында Қажымұрат Смағұлов, Серік Еліқбай, Шолпан Байғалы, Ольга Григорьева, Мәлс Әміржанов сынды жерлес ақындарымызбен қатар республика жұртшылығына танымал Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев, Сырбай Мәуленов және басқа да талантты ақындардың өлеңдеріне жазылған әсем әндер бар екен. Атап өтерлігі, 500 дана болып шыққан жинақтың басылуына Павлодар қаласының әкімдігі мен Павлодар қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі демеуші болған екен. Өнерінің ерге басуына қол үшін берген қос мекемеге сазгер мен оның туысқандары шексіз риза. Аталмыш жинақтың редакторы Сая Молдайыл сазгер жетістіктеріне тоқталды.

- Мен кез-келген өлеңге ән жаза бермеймін. Жылт еткен сәулесі бар, нағыз ақынның жүрегінен шыққан отты өлеңдерге ғана ән жазамын. Сондай өлеңдерге арнаған әнім де сәтті шығады, - дейді сазгер Қайырбек Мүфтанұлы.

Бүгінгі күнге дейін жүздеген әннің авторы атанған сазгер 1994 жылы облыстық сазгерлер байқауының жеңімпазы, 1996 жылы халықаралық «Айналайын» фестивалінің лауреаты, ал 2000 жылы облыс бойынша «Жыл композиторы» атанып, Павлодар қаласы әкімінің грантына ие болған. Осылайша, Б.Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінің оқытушысы алпыстың асқар шыңынан асса да өнерді өзіне серік етіп, қазірде ұлттық әнді насихаттау жолында ерен еңбек етуде.

Нұржайна ШОДЫР.
Суреттерді түсірген Т.НҰРҒАЗЫ.